

## *Оқушыларды аймақ тарихымен таныстырыңыз*

Өскемендеңі Достық үйі – қоғамдық келісім орталығында облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасының үйімдестірымымен Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай «Шығыс Қазақстанның 25 кереметі» атты айлықтың ашылу салтанаты етті.

Мәдени іс-шара барысында мектеп оқушылары өлкеміздің қайталанбас сұлулығы мен көркем табиғаты туралы ақпараттармен танысты. Достық үйі – қоғамдық келісім орталығының кіреберісінің фойесінде кітап көрмесі үйымдастырылды. Мұнда аймағымыздың тарихынан сыр шертетін азыздар мен әңгімелер, даңқы шыққан жерлес тұлғалардың портреттік бейнелері мен өмірбаяндary туралы тың мағлұматтар көрмермендердің назарына ұсынылды. Сондай-ақ, бұл күні театрландырылған қойылым балалардың көңілін бір көтеріп таstadtы. Ал «Инкора» тобы мен Жігер» фольклорлық ансамблінің орындауындағы музикалық туындылар жиналғандардың ерекше қошеметіне ие болды.

· Бұл шараның жалғасы келесі күні «Қолшанамен Шешектен кітапханаға дейін...» атты мәдени ойын-сауықтық бағдарламасымен Шешек асусында жалғасын тапты. Мұнда ертегі кейіпкерлері сайқымазақтар мен аққала балаларға қызықты спорт ойындарын ойнатып, өлкемізге қатысты сөзжүмбақтарды жасырды. Сонымен қатар, балалардың көңілін аулау үшін түрлі сауалнамалар да жүргізгенін айта кеткен жөн.

Атальыш шараны үйімдастырушы Эльмира Шағыраеваның айттынша, өңіріміздің көркем табиғаты туралы жазылған кітаптардың суреттері жапсырылған үнпарақтар балаларға сыйға тартылыпты.

— Оқушылар Тәуелсіздік кезеңіндегі өлкеміздің мәдениеті мен спорттық жетістіктері жөніндегі мәліметтермен танысты. Тұған жеріміз жайында қоپтеген деректі мағлұмattар алды. Сондай-ақ, өлкемізден шыққан танымал тұлғалардың өмірбаянын оқыған соң олардың жазған туындыларын осыдан бастап зер салып, оқитындықтарын жеткізді, — дейді Эльмира Шағыраева.



Ажар Сағатбекова